

## Эпизодтық сипаттағы қызметтер бойынша біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2 сессиясының 2012 жылғы 16 ақпандағы N 18 шешімі. Қарағанды облысы Нұра ауданы Әділет басқармасында 2012 жылғы 11 наурызда N 8-14-167 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2016 жылғы 18 ақпандағы 44 сессиясының № 458 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 18.02.2016 № 458 қаулысымен.**

**РҚАО ескертпесі.**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6 бабына, 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 36 бабы 6 тармағына сәйкес аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Эпизодтық сипаттағы қызметтер бойынша біржолғы талондардың құны қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Нұра аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы 32 сессиясының N 313 "Эпизотиялық сипаттағы қызметтер бойынша біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне N 8-14-140 болып тіркелген, "Нұра" газетінің 2011 жылғы 22 қантардағы N 4 (5192) санында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың бюджет, қаржы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту тұрақты комиссиясына (Н. Сүлейменов) жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған қунінен бастап он қүнтізбелік құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы	Н. Сүлейменов
Аудандық мәслихаттың хатшысы	Б. Шайжанов

2012 жылғы 16 акпандагы

N 18 шешіміне

1 қосымша

## Эпизодтық сипаттағы 2012 жылға арналған кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған бір жолғы талонның құны

N	Эпизодтық сипаттағы кәсіпкерлік қызметтің түрлері. Сату (тұрақты үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтен басқасы)	Бір жолғы талондар құны 1 күнге (тенге)
1.	Газеттер мен журналдар	113
2.	Тұқым, сондай-ақ, отыргызылатын материал (екпелер, көшет)	162
3.	Бакша дақылдарын	210
4.	Саяжайларда және үй маңындағы участекерде есірілген табиғи гүлдер	162
5.	Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағандық, бақшашылық және саяжайлардың өнімдері	65
6.	Жануарлар мен құстардың жемдері	388
7.	Сыпыртқылар, сыпырғылар, орман жидегі, бал, саңырауқұлақ және балық	32
8.	Үй жануарлары мен құстарын бағу	2
9.	Жер участекерін өндөу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі	388

Аудандық мәслихатының

2012 жылғы 16 акпандагы

N 18 шешіміне

2 қосымша

## Аудан базарларындағы 2012 жылға арналған бір жолғы талонның құны

N рет	Базар аттары	Мамандану	Бір жолғы талондар құны 1 күнге (тенге)
1.	Нұра ауданының базарлары	азық-туліктік	32
2.		азық-туліктік емес	45